


Әдеби
мемуарлар

ҚАЖАБЕК БАЙСЕЙІТОВ
ТҮРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР





ББК 84(Қаз)
Б20

Құрастырушы
Әсетбай Шығайұлы

КАТЫНАСТАР

ҚАНАБЕК БАЙСЕЙІТОВ

туралы естеліктер



Алматы "Білім" 2005

ББК 84(5Қаз)
Б20

Құрастырған:
Бексұлтан Нұржекеұлы

Б20 Байсейітов Қанабек туралы естеліктер. — Алматы: “Білім” баспасы, 2005. — 224 бет+8 бет суреттер.

ISBN 9965-09-349-0

Халықтың қалың қойнауынан шыққан дарынды өнерпаздар ХХ ғасырдың 20–30 жылдары қазақ даласына театрды алып келді. Бойындағы бар өнерің туған халқының қажетіне жомарттықпен жұмсаған тума таланттар сахна өнерін көркейтті, дамытты.

Қалың оқырман қауымға арналған бұл кітапта сол таланттардың бірегейі, ұлттық опера өнерінің көшбасшысы, белгілі киноактер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қанабек Байсейітов шығармашылығы және адамдық бейнесі суреттелген.

Б $\frac{4702250200}{412(05)-05}$

ББК 84(5Қаз)

ISBN 9965-09-349-0

© “Білім” баспасы, 2005

ӨНЕРДЕГІ АДАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Отызыншы жылдарда қазақ өнерінің шаңырағын көтеріскен айтулы талант Қанабек Байсейітов “Озбыр болыс”, “Зәуре”, “Екі қыз”, “Келіншек”, т.б. пьеса жазып және оны сахнада қойған. Кейінгі жылдарда ақын Қуандық Шаңғытбаевпен бірлесіп “Беу, қыздар-ай”, “Ой, жігіттер-ай” пьесаларын, “Достық жолы” балетінің, “Айсұлу”, “Алтын таулар” операларының либреттосын жазғаны көпшілікке мәлім. Алайда ол жазушылық жолды қуған жоқ, оған уақыты да болған жоқ.

Мен Қанабек ағамен 1974-жылы күзде ойда жоқ жағдайда таныстым.

“Жұлдыз” журналында істеп жүрген кезім. Бастығым Шәкең – Шерхан Мұртаза – шақырып алды да, “Жазушы” баспасының директрі Әбілмәжін Жұмабаевқа жұмсады: “Сол кісінің сенімен сөйлескісі келеді”, – деді.

“Жұлдыз” Жазушылар Одағы үйінің 3-қабатында, ал баспа 1-қабатында болатын. Бардым. Әбілмәжін аға мен Қанабек аға мені күтіп отыр екен. Сол арада танысып қана қоймай, бірігіп кітап жазатын болып келісіп те шықтық.

Келесі жылы 70-ке келетін Қанекен естелік кітап жазатын, оны баспа басып шығаратын болды. Бұл жұмысты біз ұзын-ырғасы бір жылда бітірдік. Кітап 1976-жылы жарық көрді. Қанекен ауызша айтып отырады, мен оны жазып отырам да, үйге келген соң айтқандарын жүйелеп қайта жазып шығам, сонан соң келесі барғанымда сол жазғанымды оқып берем, Қанекен тыңдап отырып тексереді. Кітап сөйтіп дүниеге келді.

Қанекеннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында мен бұл кітапқа тағы қайта оралдым. Күләшқа, Қалибек

Қуанышбаевқа, Шараға қатысты біраз нәрсені баспа қызметкерлері кезінде қысқартып жіберген екен, Күләш пен Қалекен, Орынбек Беков жайындағыларды өзімде сақталған қолжазбам бойынша қалпына келтірдім, ал Шараға қатысты қысқарған нәрселерді қайта қоспадым, өйткені олар Шараның өнеріне емес, Құрманбек ағамызбен арасындағы жағдайларға байланысты еді, сондықтан олардың бірін ақтап, екіншісін даттап жатудың қажеттігі жоқ шығар деп түйдім. Олардың көздері тірісінде айтылмаған соң, қазір біртүрлі секілді. Әйткенмен сол бір жағдайды Шара өзінің естелік кітабында басқаша жазды. “Бірақ оның сол жазғаны дұрыс емес”, – дегенді Қазақстанның халық әртісі Рәбиға Есімжанова маған дәлелдеп тұрып айтып беріп еді, қазір ол кісінің де көзі жоқ.

Қанекеннің замандастары – шетінен аңыз адамдар. Олардың өнері де, бір-бірімен араласқан адамдық қатынастары да айрықша. Ондай талант шоғырын тек заман тудырады. Ұлттық мінез-құлықпен әлем өнерінен сусындаған ондай таланттар қайталана бермесі хақ. Сондықтан оларды да, солардай болатындарды да сағынамыз.

Бексұтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ

ҰШҚАН ҰЯМ

Әкем Байсейіт пен шешем Қиуа көпке дейін бала көрмепті. Бала тоқтамағаннан кейін шешем ескіше сыйынулардың сан түрін жасап байқайды. Боз қасқаны жетектеп Балпық, Ескелді деген әулиелердің басына әкем екеуі жаяу барып та түнепті. Шешемнің жүкті екенін білген кезде, әкем көшіп-қонудан қашып, екі бөлмелі үй салдырады, тағы бірдемеге ұрынып қалмасын деп, шешемнің барлық жағдайын жасайды. Әкем қырық бірге, шешем отыз жетіге келгенде, 1905-жылдың көктемінде қазіргі Талдықорған облысы Қаратал ауданындағы Қалпе деген жерде мен дүниеге келіппін. Қашан мен беске келіп буыным бекігенше, әкем не жайлауға шықпай, не қыстауға көшпей, сол орнында тапжылмай отырады. Тек мен беске толған соң ғана боз құнанға мінгізіп ашамайға отырғызып, аяғымды киіз қаппен орап жайлауға шығады. Зарығып көрген балаға қазақ сан түрлі ырым-жырым жасай береді, соның кейбірінен мен де кенде қалмаппын.

Дәл шешем босанатын күні біздің үйге екі сыйлы қонақ түсіпті: бірі найман болысы – Қанабек, екіншісі Есенбай деген кісі. Халық әдеті бойынша, қуаныш үстіне кірген жолаушы құтты саналады, оларға аса құрмет көрсетіледі ғой, ол дәстүрді менің әкем де аямай жасапты. Мал сойып күтіп, екі қонағына да бағалы сый атапты. “Қырыққа келгенде көрген ұлым Қанабек құсап ел ұстасын” деген ниетпен атымды Қанабек қойыпты.

“Сыйға – сый, сыраға – бал” деген сөз бар, әкем көрсеткен сый-құрмет, сірә, қатты толқытса керек, Есенбай да өз тарапынан қарымта қайтаруды ойлап әрі әкем екеуінің ескі достықтарын бұрынғыдан да бекіту мақсатымен: “Екі-үш күн бұрын ғана менің де әйелім босанып қыз туып еді, екі баланың аман-

есен ер жетуіне ырым болсын, құда болайық”, – депті. Қанабек болысты куә етіп әкем мен Есенбай сол арада қол алысып, төс қағысқан құда болыпты. Сөйтіп, туа салысымен-ақ менің қалыңдығымның кім екені белгілі болған екен. Қазақ мұндайды бесік құда дейтін болса керек.

Ерке өскендігім айтпасам да түсінікті. Өйткені жалғызды біздің халықтың қалай қадірлейтіні белгілі ғой. Бала күнімде айрықша әсер еткен екі оқиғаны әлі күнге ұмыта алмаймын. Алдымен Алтыбайдың алты ұлына қалай қызыққанымды айтайын.

Қыстауда отырған кезіміз. Біздерге туыс болып келетін Алтыбай әулетінен тараған алты жігіт қонаққа келді. Көкем (әкем) де, апам (шешем) да олардың өйтіп топтала келгендігіне қатты қуанды. Мен үшін ол күнді той десе де болады.

Бұл алты жігіт көбінесе жұптарын жазбай бірге жүретін. Бәрі палуан, оның үстіне бірі ақын, бірі әнші, бірі шешен, құдды бір серілер тобы сияқты еді.

Олар келген соң мал сойылды, қазан асылды. Түнімен қалжың-әзіл, ойын-күлкі. Кезек-кезек ән айтады, бірінің даусы жақсы, бірінің әні жақсы, өздері де өрімдей, шетінен қияқ мүрт, сылқым, сымбатты. Бала көңіл біресе анаған, біресе мынаған еліктейді: бірде ақын болғысы келіп кетеді, бірде әнші болғысы келіп кетеді. Балалық пәк көңілдің ынтығуы әсіре де бола бере ме, кім біледі, әйтеуір, алтауының жай әңгімс-әзілдері де әлдебір өлендей, жақсы әуендей көрініп көңілімде қалыпты. Қалайда алтауының жарасымдылығы ерекше еді. Бірін-бірі толықтырып, бірінің жоғы екіншісінен табылып, халықтың жақсы өнері солармен бірге көшіп жүргендей еді.

Таңертең солармен ілесе тұрғаным әлі есімде. Түрегеле салып бәрі сыртқа шықты. Көкеме ілесіп мен де шықтым. Айналада қар жатқанмен, есік алды құрғақ-тын. Неден басталғаны есімде жоқ, бұлар бірімен бірі күресе бастады. Ең әуелі іштеріндегі үлкені Шағайбай мен Жауатар күресті. Шағайбай ақ сары, жалпақ бет, төртпақ жігіт болатын. Алтауының басшысы іспетті еді. Талтайып тұра қалды. Жауатар

да жүрексіңбей, жақындай берді. Жай келмей, әлденені айтып айбат қыла келді. Ішімнен екеуі әбден сілкілесетін шығар деп тұрмын. Екеуі ұстасып үлгерді ме, үлгермеді ме, байқамай да қалдым, Шағайбай “па!” — деп қалды да, көз ілеспейтін бір қимылдар жасап жіберді. Сарт еткен дыбыс қана есімде. Сондай тез, соншалық шымыр дыбыс екенін білем. Жауатар мұзға тайып жығылғандай жерге тарс ете қалды. Жүрегім аузыма тығылған шығар. Әрі қорқып, әрі таңданып, жыққан Шағайбайға бір, жығылған Жауатарға бір қараймын. Бір керемет төбелес басталып кететін секілденді. Сойтсем екеуінің де жүзі емен-жарқын: “Енді, Мыржық, сен шық!” — деп қарқ-қарқ күліп Шағайбай тұр, үстін күле қағып Жауатар түрегеп келеді. Содан бері күрестің де өнер екендігін маған алғаш ұқтырған сол екеуінің күлкісі сияқтанады да тұрады. Алтауының күрескенін көріп қатты қызықтым, қатты сүйсіндім. Неге екенін, түнімен олардың айтқан әндері мен әзілдерінен гөрі күрескендері артық әсер етті. Солардай күшті, епті, сымбатты палуан болғым келді.

Екінші бір ұмытпайтыным — әйгілі ақын Сараны көруім. Шамасы, 1911—1912-жылдың жазы болуы керек. Жеті-сегіз жастардағы кезім. Біздің ауыл Қараталдың бергі жағында Көкдалада, Түрке деген кісінің ауылы арғы жағында Қызылжардың астында отыратын. Сол Түрке әйгілі Тұрысбекке қыз ұзатады. Тойдың хабары ауыл-ауылға жарты жыл бұрын тарап кеткен. Бала болсақ та, сол тойға Сара келеді екен дегенді естуіміз бар. Сараның атақ-даңқын дәл басып біле бермегенмен, елге сыйлы, ақын, әнші әйел екендігін шамалаймыз, ел мақтаған кісіні бір көруге біз де ынтығамыз.

Бәсіре боз дөненімді ерттеп, әкем мені тойға апаруға қамдады. Шешем өзімді киіндіре бастады. Ойламаған жерден еркелік жасап қалдым. Киімімнің бір жерінде кір болса керек, соған өкпелеп ал шатақты шығарайын. Бүкіл ауыл тойға тобымен баруға әке-шешемді тосып тұр. Олар мені көндіре алмай әлек. Бала күнімде мен де қайтпас тентекпін ғой, қасарысып киінбей қойдым. Күттіріп қоюға елден ұялған болу керек, әке-шешем мені тастап жүрді де кетті.

Біраз жылаған соң ашу да басылды, қырсықтық та тарады. Енді тойға бармағаныма ішім аши бастады. Әлгі жұрт мақтап жүрген әнші әйелді кормей қалатыныма қиналдым. Тәуекел деп, енді тойлы ауылға жаяу тарттым. Балақты түріп алып Қараталдан да өте шықтым. Тойлы ауылдың түсі тоғайлы келуші еді, сонда ертоқымымен тұсаулы жүрген әкем мен шешемнің аттарын да бір болжап қойдым. Ауыл төңірегі у-шу. Ешкімді ешкім біліп болмайды. Атты кісілер анталап тұр, жаяу маған бұрылып қарайтын түрлері жоқ. Әлдекімнің әлдеқайда ән айтып отырғаны естіледі. Бірақ жерде тұрып оның қай жақтан шығып жатқан ән екенін болжай алатын емеспін. Сонан соң шетте тұрған біреудің ақырын ғана артына мінгестім. Әлгі кісі бетіме қараған да жоқ-ау деймін, өзі иығымнан тартып демеп жіберді. Мінгескен соң да маған ешнәрсе көріне қоймады. Біраз ойланып тұрдым да, бір аттың сауырынан екінші аттың сауырына ауысып отырып, ән естіліп жатқан жаққа қарай ақырындап жылжи бердім. Менің ойтіп жүргенімді бірі байқар емес, бәрінің есіл-дерті ән шығып жатқан жақта. Ақыры жеттім-ау.

Есік алдына дәу кебеже сандық қойыпты. Сандықтың үстінде жап-жас қыз, ал оның қасында жерде, бір келіншек қосыла ән айтып тұр екен. Қалай қосыла айтып тұрғандарын қайдан білейін, әйтеуір, аңырап қыздың даусы ғана анық шығады. Менің қасымдағы кісілер озара сыбырласады:

— Сараның қызы екен,— дейді бірі.

— Жоқ, қызы емес, сол ауылдың қызы,— дейді екіншісі.

— Сараның өзі қайда?

— Анау, үй ішінде отырған кимешекті әйел.

Мен мойнымды созып үй ішіне үңілдім. Бірақ ештеңе байқай алмадым. Бір кезде сандықтың үстіндегі қыз әнін бітіріп, үйге кіріп кетті. Жұрт оған жан-жақтан рахмет жаудырды.

— Сара құдағиды корейік. Бір-екі ауыз лебізін естіік,— деп жатты.

Көп кешікпей үйден Сара шықты. Сұңғақ кісі көрінді. Ұмытпасам, иығына оқалаған кок мәуіті шапан жамылып

шықты. О кісі де әлгі сандықтың үстіне көтерілді. Баяғы келіншек тағы келіп сандықтың қасына тұрды. Бала коңілім қателестірмесе, Сара әуелі қисса типтес, термелеу ән айтты. Даусы ащы емес, қоңыржай майда екен. Қысқа ғана бітіре салды.

Жұрттың, сірә, оған айызы қанбады білем:

— Сара, бір шырқап жібер! — деушілер көп болды. Сонан соң Сара шырқау бір ән салды. Жұрт жым-жырт тұрып тыңдады. Әлдекім сыбырлап: “Сырнайдың даусындай екен”, — деген сүйсініс білдірді. Менің неге ұқсатқанымды кім білсін, қанша тыңдай түскен сайын әлі де құлағыма жетпей жатқандай әсер қалдырды. Әннің әсемдігі ме, жұрттың қошеметі ме, ненің қатты әсер еткенін қайдам, Сара маған ертегідегідей әйел көрінді. Нағыз әнші болудың, халыққа сыйлы болудың бақыттылығын толық түсінбесем де, әншіліктің әншейін ермек еместігін, бәлкім, бірінші рет сол жолы ұқтым ба, кім біледі. Қалайда сол көрініс күні бүгінге дейін көз алдымда қалып қойыпты.

Сара ән салып біткен соң, жұртқа хош айтты. Көпшілік сонда барып тарқасты. Мен лып етіп жерге түстім де, ағаштың ішіне қарай жүгірдім. Ойым — әкем мен шешемнің тұсаулы жүрген атының қасына бару. Солай жақындай бергенімде, біреу қолымнан шап берді. Қарасам, біздің ауылдың жігіті.

— Қайдан жүрсің?

Менде үн жоқ.

— Мана қырсығып қалып қойып ең ғой. Енді мына жүрісің не?

Жер шұқып томен қарадым. Жігіт жетектеген күйі мені Саралар отырған үйге қарай алып жүрді. “Әй, бір босасам, үйге қарай зытар едім-ау”, — деп, қолайлы кезді күтіп-ақ келем. Жігіт бірақ қолымды босатпады. Өзі мені ұстап тұрып:

— Бәке, бері шығып кетші! — деп әкемді шақырды.

Әкем мені көріп шошып кетті.

— Қиуаны шақыр, — деді сасқанынан. Шешем де шықты. Мені көріп ол да аң-таң.

— Мұнда қашан келдің?

— Анау бір қыз олең айтып тұрғанда.

— Түһ, түрің бар болсын. Бар, мынаны тез киіндіріп әкел! — деді әкем әлгі жігітке.

Ауылға кеп мені киіндіріп апарды. Үйге кірерімде:
— Сәлем беріп кір! — деп жігіт арқамнан түртті.

Ұяла сәлем бердім. Үйдегілердің бәрі менің бетіме үдере қарады.

— Сара, мынау — менің ұлым,— деді әкем. — Өздерінің ауылындағы Қанабек әкім үйімізге қонып жатқан күні туған соң, атын Қанабек қойғанбыз.

— Ә, Қанекендей болса, балаңыз жаман кісі болмайды екен,— тәрізді ол кісі де әлдене жауап айтты. Мен болсам екі көзімді жүзінен алмаймын. Олар озара сөйлесіп отырғанда, мен ұрлана Сараға қараймын. Сол күнді қайта елестетіп байқасам, ат жақты, сары кісі сияқты еді. Екі бетінің ұшында қызылы бар, шешем құралыптас кісі екен. Бәлкім, менің шешемнен де егделеу ме деп те қалам.

Сара ол тойда қайтып ән салмады. Тек әңгімемен ғана отырды. Бірақ елдің қошеметі ерекше еді, менің қызығуым ерекше еді. Әнге, өнерге әуестігімді арттыра түскен бір оқиға сол екеніне шәк келтірмеймін. Дәл сол кезде соншалық қатты әуестенбегеніммен, кейін ән айтып сылқым жігіт атанып жүрген күндерімде, Сараны көргенімді толқып еске алатынмын, Сараның даңқын естіп-білген сайын сол бала күнімдегі оның дидарын бір көруім маған кәдімгідей күн сайын қымбат тарта берді. Жақсыны корудің өзі үлкен мектеп екенін мен осыдан білем.

ҮЙЛЕНУ ХИКАЯСЫ

Қарын құдадан құдай сақтап, бесік құдаға басым байланғаны белгілі. Аспаннан аяғым салбырап түскен адамдай өзімді ақтап, орынсыз мақтап жатуым жөн болмас. Өз қағанағымнан өзім жерімей, өсу жолымдағы жайсыздықтарды да, жағдайсыздықтарды да жасырмай айтқаным бүгінгі жастарға бағалы шығар.

Мен өмірімнің негізін кеңес дәуірінде сүргенмен, жастық дәуірім феодалдық тәрбиенің ықпалынан толық арылмай өтті. Бәлен жылдар бойы берік орнап келген тәрбие бір ұрпақ тұсында ғана быт-шыт болып құлантаза өзгеріп кетеді дегенге өз басым сенбейтін қазақпын. Тіпті, дұрыс өстік, мәдениетке әбден жетілдік деп жүрген талай адамдар қатты ашуланған, ызаланған сәттерінде сол баяғы көне тәрбиенің қылықтарын әлі күнге дейін жасап қойып жүрген жоқ па? Ортаға бейімделу бар да, белгілі қасиеттерді қанға сіңіру, халық дәстүрі етіп қалыптастыру бар ғой. Адам жанын өзгерту, мәдениеттендіру ұзақ жылдың ғана емес, ұзақ оқып, ұзақ үйренудің де жемісі деп ойлаймын.

Мен ес білгелі-ақ айттырған әйелімнің бар екенін біліп өстім. “Атастырып қойған қызың бар”, – деп сыпайылап қана айтса, тағы жақсы ғой, әйел деген сөз де ауыздарына түспей, “қатының бар” деп қатырды ғой мені. “Бар болса, бар бола берсін”, – деп балалықпен жүре бердік. “Е, ода бір керек нәрсе болар”, – деп пайымдаған болуым керек. Оның үстіне ата-анаң да, аралас-құралас адамдар да:

– Қанашжанның әйелінің аты – Гүлдана, Есенбайдың қызы, қашан алып кетеді деп күтіп жүр, сағынып жүр. Сондай әдемі, сұлу қыз өзі, – деп құлағыма құя берді. “Ұра берсең, құдай да өледі” демекші, әркім айта берген соң, соған құлағың да үйреніп, өзің де

іштей бейімделіп қалады екенсің. Тулай бергеннен горі тындай бергенді дұрыс коресің. Олар да үйрене берсін, біле берсін деп айтады.

Бір бәсіре жирен жорғам бар еді, туғанына үш-төрт күн откенде-ақ жорға болатыны белгілі болған. Жас күнінен жүні бүйралау сүйкімді еді. Қатты үйір болдым, бірге оскендей бауыр басып кеткем. Он торт-он беске келіп қалған кезім, әлгі жорғама Есенбайдың Жұмағұл деген баласы жатып кеп қызықты, бер деп әкеме қолқа салды. Ол сұраған мал, әрине, қалың малдың есебіне қосылады, әкем мен шешем жирен жорғаны жетектетіп жіберді. Сонда бәсіре жорғамды кимай: “Әйеліңнің де керегі жоқ, ештеменің керегі жоқ, жорғамды қайтып әкеп беріндер!” – деп қатты жыладым. Әкем үндемеді, шешем жекіп тастады:

– Тәйт, малға да жылаймысың, жігіт басыңмен үялсаңшы! – деп ұрысты.

Аяқтанғанынан бастап алысып ойнаған, қолға үйір жануарды тез ұмыта қоймадым. Ол есіме түссе, енді “әйелің бар” деген сөзден де без ете түсетін болдым. Содан бір күні апам:

– Қап, әлгі жирен жорғаң жолда оліп қалыпты, сонша кимай жылап едің, содан болды ма скен? – деді мұңайып. Сол сөзді басқалардан да естідім. Бірте-бірте бәсіре жорғаның өкініші басыла берді. Қазір ойлаймын: олді дегендері өтірік болу керек, маған ұмыттыру үшін ойлап тапқан амалдары болар, сірә.

Сонымен, он алтыға да келдім. Ол кез үшін көмелетке толған жас, үйленуге әбден болады, әсіресе мен секілді жалғыз баланы қазақ қайдан кешіктірсін, тезірек қызығын корейік, немере сүйейік деп асығады. Күз ортасы ауған кезде қайынға аттанатын болдық. Шешем бастап барады, күйеу қосшыға Толеген деген сөзге ұста, әзілге орамды ағайын жігіт ерді – барлығы менімен үш кісі. Жолға шықпас бұрын мені олар әбден дайындады. Әдет-ғұрып, жон-жосықтың ретін бөлен рет қайталап түсіндірді. Әке-шешемнің айта алмағандарын жеңгелерім де жеткізіп жатыр, еркектің ұяты, намысы дегендерді тап тап тұрып ұқтырды, басыма үкі тағып әдемілеп тұрып киіндірді. “Сол күрғыр қалыңдығым қандай екен озі?” – деген бір

коруге құмарлық адамда еріксіз оянады екен, бірақ ол ойынды өзің ғана білесің, басқаға айтуға ұят. “Барғанда қалай қарсы алар екен, маған не істер екен?” – деген жүрексінуде бойды бір суытып, бір ысытады.

Қалың малдың қалғанын айдап Қалпеден шықтық. Жүрер жолымыз екі жүз шақырым, қазіргі “Қоржынкөл” совхозына баруға тиіспіз. Жолда түстенеміз, қонамыз, сондықтан таныс-таныстарды сағалай жүріп отырдық, жалпы, үш күнде жеттік.

Бақтай батырдың моласы деген жерге келгенде, қайын жұртымның ауылы көрінді. Сол кезде маған сап етіп бір қорқыныш кірді, жол бойы келе жатқандағы көңіл тыныштығым құйындай үйірілді. Әлгі “қалындығым қандай екен” деген ұры пиғылдың быт-шыты шығып, ұят пен үрейдің қыспағында қалдым. Қазір алдымнан кімдер шығар екен, не айтар екен, маған қалай қарар екен деген секілді ойлар анталады да кетті. Әке мен шешенің, жеңгелердің, басқа елдің айтқан ақылдары – бәрі айдалада қалды, бірі есімде жоқ, бірін істей алатын емеспін. Қазір барлық жұрт бір жақта да, мен екінші жақта жалғыз қалғандаймын, үйленетін – мен, сондықтан бәрі маған ғана қарайды, мені ғана сынайды.

Ауылдың сыртына келген соң, қалың шидің қасына мені аттан түсіріп, апам мен Төлеген атымды өздері жетектеп алды.

– Қазір балдыздарың, жеңгелерің келіп ақ текемет салып алып кетеді, жігіт құсап қарсы ал! – деді шешем.

– Балдыздарыңды қатты шымшып алма, байқа! – деп Төлеген де көзін қысты.

Олар кетті. Мен жалғыз қалған соң келгеніме өкіндім, тұра қашқым келді. Бірақ, амал не, қашып кету мүмкін де емес, ол қашып кетудің қаншалық ұятқа қалдыратынын да ішім сезеді.

Бір кезде ауыл жақ шу ете қалды. Қарасам, бір қора жан маған қарай шұбап келеді, ішінде қыз да, бала да, үлкен әйелдер де – бәрі бар. Кірерге тесік таппай мен тұрмын. Құлап қалмай, қалайша тік тұрғаныма, тіпті, таңым бар. Алдымен ойнақтай шауып жас балалар, артынан жамырай шуласып басқалар да жетті. Бірі киіміме, бірі бетіме қарайды; бірі атымды

сұрайды, бірі әр жерімді ұстап қореді; күледі, келеке етеді; ал менде үн де жоқ, бас қотеру де жоқ.

— Әй, шуламаңдар! — деді бір кезде бір әйел. — Ұялтпандар. Шырағым, мына ақ текеметтің үстіне отыр! — деді маған жайған текеметті көрсетіп. Отырдым. Сонан соң:

— Ал енді ауылға жүрейік, — деді.

Әлгі ауылда үйреткен ақылдар сонда барып әжетке жарай бастады. Мен орнымнан тұрып киіздің үстінен түстім де, жөн сілтеу бойынша ауылға қарай аяңдадым, олар да менің арт жағымда текеметті көтерген бойы жүріп отырды. Күйеуді қорадан тіке өткізбейді ғой, мені ауылды айналдырып алып келді. Кішкенелеу ақ үйге әкеп кіргізді. Оларға қуаныш, маған мехнат. Олардың у-шуының ешбірі құлағыма кірмейді, есеңгіреген адамдай дел-салмын. Төрге шығуға болмайды дегенді білем, үйге кірген соң екі аттап барып босағаға таман орналастым. Күйеу мұндайда малдас құрмайды, жүгініп отырдым. Көзіме не шешем, не Төлеген көрінбейді. Олардың бірін көрсем, бас салып боздап қоя беретін халдемін. Тек жылап жіберу болмаса, айтар сөзім де жоқ.

Дастархан жасалды, шай келді.

— Шырағым, жонделіп отыр, ұялма! Жолдан келдің, шай іш! — деді манағы текемет апарған әйел.

Кеңірдектен түк өтпейді. Жұтқан дыбысым естіліп қала ма деп қысылам. Бір-екі кесені ойтіп-бүйтіп әрең тауыстым. Шай артынан тамақ келді, төс тартты. Төстің бір ұшынан бір-екі шөкіп тістеген болдым, екі-үш боліп біреулерге бердім. Тамақтан соң:

— Ал, жастар, енді сендер тараңдар! — деді манағы әйел. — Күйеу бала үш күн жол жүріп шаршап келіпті, біраз дем алсын.

Ой, әлгі қалың қыз-қырқыннан құтылғанымға қуанғаным-ай! Олар кеткен соң, манағы маған танымал әйел:

— Шырағым, қонақ кәдесін жаса! — деді. Онысы сыртқа шыға тұр дегені екен. Далада біраз тұрғаннан кейін: — Енді кіре ғой! — деді.

Кірсем, жаңа мен отырған босаға тұсқа шымылдық құрып қойыпты, оның ішінде төсек те салулы екені

аңғарылды, оның мәнісін ұқпадым. Төрге де жаңа көрпе төсеп, үй ішін біраз өзгертіпті.

— Жоғары шық, бұл үлкен үй емес, отау,— деді манағы әйел. Ол Есенбайдың үлкен баласының әйелі екен, аты Момын еді. Босаға жақта кібіртіктеп кідіріп қалған мені Момын жеңгеміз өзі қолтықтай апарып төрдегі көрпеге отырғызды.

Бір кезде құлағым даладан әлдебір дабыр-дұбырды шалды. Сылдыр-сылдыр шолпының үні шықты. Әлдекімдер жүр-жүрлейді, біреу қарсыласады. Біле қойдым: қалыңдығымды әкеле жатыр. “Қандай екен?” — деген ұры ой қайтадан қылтың ете қалды. Есікті біреу ашып тұрды да, бір-екеу қызды үйге сүйрелей кіргізді.

— Амандас! — деді Момын жеңгеміз.

Қызға кірген бойда-ақ көз салып үлгірдім. Қара торы, ашаң көрінді. “Жаман емес”, — деген ой түйдім. Сүйрелеп әкеп жеңгелері қызды оң жағыма отырғызды. Шай құйылды.

— Күйеу балаға оң қолыңмен бер! — деп қызға кесе ұстатты. Мен де оң қолымды создым. Сол арада екінші рет ұрлана көз тастадым.

— О, істерің оң болсын! Құтты болсын! — десіп жатты жеңгелер.

Тағы ет, тағы төс келді. Мұны қалыңдығым екеуміз бөліп жеуге тиіс екенбіз. Төлеген өз қолымен екеумізге екі жапырағын жегізді. Жеңгелердің әзіл-қалжыңымен отырып тамақ желінді, шай ішілді. Сонан соң түгел сыртқа шықтық. Сонда барып Төлеген маған тосын сыр айтты:

— Бала, басқадан бұрын қамыңды енеңнің өзі ойлап отыр,— деді.

— Қалыңдығыңды қасыңа әкеп бүгін жатқызады. Күйеу бала келген соң үш күннен кейін ғана қыз көрінуі керек қой, оған енеңнің өзі қарсы болды. “Үш күн жол жүріп келіпті, сол үш күн соған кетеді, үйден шыққан күннен есептеңдер, балаларды босқа сарғайтпаңдар”, — деді енең. Жаңағы — танысқаның, қазір... — деп маған біраз бұрынғы айтқан ақылдарын қайта есіме салды.

Содан кейін Төлеген қыздың жеңгелеріне ырым, жөн-жосыққа байланысты сый-сияпатын үлестіріп бере бастады.

Ұмытпасам, күйеу жасайтын бес түрлі ырым барау деймін: есік ашар, беташар, отқа май күйю, қол ұстатар, тағы бір дөрекілеу аталатын жон бар. Сол жондерді қыз жеңгелері жасап беру үшін күйеу жолдас оларға сый таратады ғой. Әйелдер шуласып жатыр, бірі азсынады, бірі басқаның сыйын ауыстырып бер деп сұрайды, соның бәріне Төлеген жауап табады, бас салып біреулерін құшақтап та алады, кейбірімен шымшыласады, әйтеуір, амалын тауып әйелдерді риза етті. Олар шығып кеткен соң Момын жеңгеміз шымылдықты ашып:

– Төсектерің мынау, шырағым, – деді де өзі шығып кетті.

Астына қалың төсеп, төсекті жерге салыпты. Мен жатып қалғаннан кейін манағы шолпының сыбдыры тағы шықты. Құлағым шалып қалған сөздерге қарағанда, қыз тартынады, жеңгелері үйге қарай сүйрелейді. Сонымен есік те ашылды. Шымылдықты ашып тұрып Момын жеңгей:

– Мә, қолын ұста! – деді маған. – Қолдарың енді айырыл-масын!

Сол Момын қолын ұстатып кеткен күйі мен қаттым да қалдым. Өйткені: “Қызды қоя беріп қойсаң, қашып кетеді, елге масқара боласың”, – деп әбден құлағым Төлеген құйып тастаған. Қыздан ұят болар дегеннен бұрын ертесі жұрттан ұят болмасын дегенді баса ойлауым сондықтан.

Біз сол барғаннан екі ай бойы богеліп қалдық. Қыздың әке-шешесімен біз жақ озара келісіп, тойды өткізіп, қызды біржола алып қайтуды жон көріпті. Оның сырын кейін білдім: қайта-қайта құда келтіріп, ел дүрліктіріп жатуға кеңес заңы қалай қарайды деп сескеніпті. Оның үстіне біздерге де ақыл кіріп, жаңаша заңның ықпалына түсіп кете ме деп созбұйдадан қашыпты. Сөйтіп, ел киіз үйде отырғанда кеткен біз там үйге кірген күз кезінде қайттық.

Қыз жасауын артқан бірнеше түйе айдап төрт-бес кісі жүрдік. Қайтар жолға төрт күн кетті. Ауылға түс кезінде жеттік. Келе жатқанымызды хабарлап қыстауға алдын ала адам жібергенбіз, әкем жота үстіне шығып жалғыз өзі күтіп тұр екен. Қасына келе бергенімде:

– Қанабек-ау, Қанабек! – деп, көз жасына тығылып үндемей қалды. Мен аттан түсіп мойнынан құшақтадым. Ол да мені бауырына қысқан күйі, үнсіз тұрып біраз жылады, басқа сөз айтпады.

Әкем дәті аса қатты адам еді. Оған дейін көзіне жас алғанын бір рет қана көргем, мынасы – екінші рет. Екеуінде де мен үшін. Біріншісін бұлдыр білем, өйткені баларақ кезімде болған еді. Тіпті, не үшін ұрысқандары да есімде қалмапты. Сірә, кезекті бір тентек мінезім үшін болар. Әуелі әкем, оған қосылып шешем, екеуі де ұрысты. Әншейінде бірі ұрысса, екіншісі үндемейтін сияқты еді, екеуінің жабыла кетуіне қарағанда, менің қылығым да соған татырлықтай болған-ау, тегі. “Бүйткенше, барыңнан жоғың”, – деп қалған болу керек, “Ал ендеше жоғалайын”, – деп үйден шықтым да кеттім. Жайлауда отырған кезіміз, үй қасынан ұзаңқырап барып бір үлкен аршаның түбіне тығылып қалдым. Ашу деген де алапат нәрсе ғой, енді бармаймын, олсем де осы аршаның ішінде өлемін”, – деген ойдамын. Аршаның түбі отыруға да, жатуға да жайлы боп шықты, егер күн жауа қалса да су болмай шығатындай түрім бар. Тәуекел, әкем мен шешемді бір састыруға бекіндім, үй жаққа анда-санда қарап қойсам, басылайын деген ашуым қайта қозатын секілді, сойтіп сол арада ұзақ отырдым.

Күн батар кезге таянғанда үй жақтан бір әбігерлік басталды. Әкем де, шешем де асып-сасып үйге бір кіріп, бір шығады. Мені іздеп жүргендері беп-белгілі. “Ә, сендерге сол керек!” – деп мен аршаның ішінде тұрмын. Бір кезде әкем атқа мініп ары-бері шапқылады, тас-тас пен ағаш-ағаштың бәрін қарап шықты. Оған ілесіп іздеп жүргендер де олай-бұлай барып түк таппай қайтты. Сол екі арада кеш батты. Күндіз табылмаған адам түнде қайдан табылсын, әкем менен айрылған екем деді-ау, сірә.

– Қанабек-ау, а, Қанабек! – деп жыларман дауыспен даланы жаңғырықтырды. Әлгі даусы соншалық трагедияға толы еді, шыдамадым.

– Не? Не боп қалды? – деп аршаның ішінен шыға келдім.

Әкем шауып келген бетте мені алдына өңгеріп алып, бетімнен иіскеп, онда да үнсіз осылай жылаған еді.

Әкемнің сол екі жылағаны әлі күнге есімнен кетпейді. Бір қорқынышта, бір қуанышта ғана сойткен екен. Кейін айтып отыратын еді: “Мен өмірімде екі үлкен той жасадым,— деп,— бірін сен туғанда, екіншісін сен үйленгенде”. Сонысы рас та болар, сірә, өзім ержеткелі ол кісінің басқа тойын көре алмадым.

Сонымен, үйлену бітті, үйленгеннен кейінгі өмір басталды. Туған кезде маңдайыма жазылғаны осы деп түсінгендіктен: әйеліме еш тентектік мінез көрсетпей, тату-тәтті күндерді бастан кешіп жаттым. Там үйде әке-шешеміз, біздер қыс бойы ағаш үйде болдық, от жақпасақ та отты жоқтамаймыз.

Үш-төрт жыл оқыған оқу орта жолда үзіліп қалды, үй шаруашылығына араласып үйіріп әкетіп бара жатқаным да шамалы, ауыл ішінің ойын-күлкісімен ғана алданып жүрем. Арада бір жылдай өткен болу керек, бір күні Құттыбала деген әзілкеш жеңгеммен алыса кеп ойнап кеттім. Ол кездегі қайны мен жеңгенің ойыны көбінесе әр жерге қол жүгірту тәрізді болып келеді, шымшыласады, сүйкеніседі, әйтеуір ауызбен ғана орақ орып тұра бермейді. Сондай қарымта әзілдің кезінде әлгі жеңгемнің:

— Әй, сен осы неменен маз боп жүрсің? — деп салғаны. — Екі езуің екі құлағыңа жетіп қуаныштысың ғой, тіпті. Оңған әйел алсаң екен-ау, түрі комірдей қап-қара, аузы жайындай, мұрны қоңқиған, бұты тыртыған тырна сирақ бірдеңе. Басқа ештеме көрмегендіктен, тәуір әйел тек осындай болады екен деп жүрсің ғой, құдай біледі.

— Иә, сен озың оңып тұрсың, сенен тәуір ғой, әйтеуір, — деп, мен де өлместі ойлап бірдеме жауаптар қайтарған болдым. Бірақ әлгіні естігенде, жүрегім су ете қалды. “Шынымен солай ма? Елдің бәрі сыртымнан келеке етіп күліп жүр екен ғой”, — деп ойладым. Тура үйіме тартып кеттім. Жеңгемнің сөзі жүрегімде тас болып қатты да қалды. Әйелімнің жүзіне, жүріс-тұрысына, тұла бойына енді ғана басқа қозбен, сын қозбен қарай бастадым. Байқаймын, Құттыбала тым асырып айтып жіберген тәрізді. Гүлдананың түр-түсі тап соншалық сұмырайдай емес-ті, әйткенмен аса молдіреп тұрған әдемі емес. Қалайда Құттыбаланың

өзілі ішімді әлем-жәлем етіп кетті. Өзімді өзім тежеп, тым лапылдамай, әйеліме енді бұрынғымнан салқындау қарайтын болдым. Әйелім бірақ: “Неге бүйтесің?” – деп сұрамады, мен де ештеме айтпадым, үнсіз табысқан екеуміз үнсіз ғана алыстап бара жаттық.

Жазда әкем мені Үштөбеге орысша оқуға берді. Жиырма шақты бала мұғалім жалдап оқимыз, айына бір қойдың құнын төлейміз немесе өзін береміз. Сол оқуды, әттең, аяқтап оқи алмадым, түгел оқығанымда ертерек көзім ашылатын еді.

Бір күні мен жатқан үйге жақын ағайын жігіт келді. Әлі күнге есімде, сол жігіт ешбір кіріспе сөзсіз-ақ бірден:

– Шешең қатты ауру, жүр, киін! – деді. Мен де дәп соны күтіп отырғандай киіне бастадым.

Келсем, үй тола кісі екен. Шешем төсекте жатыр, тіл жоқ. Айқайлап келіп бас салдым. Көзінен жас сорғалап әлденені айтпақ кісіше күбірлегендей болды. Күбірлеген дыбыс шықты ма, жоқ ерні дыбыссыз қимылдады ма, оны ажырату қиын, бірақ маған көп нәрсе айтпақ екендігі жас тамшылаған көзінен, қаны қашқан өңінен белгілі болып тұр еді. Бірақ ештеңе айта алмады. Сөйтіп, шешем Қиуа 1923-жылы елу бес жасында қайтыс болды.

Шешем өлген соң орысша оқуым тоқталып қалды. Коңілім құлазып, көпке дейін анасыз қалғанымға сене алмағандай сергелденде жүрдім.

Осылай жүргенімде, Бесағаштан ревкомның хатшылық жұмысы табыла кетті де, содан аудан жұмысына араласып кеттім. Жұмысым сыртта болғандықтан, енді үйге анда-санда ғана, сирек соғып кететін болдым. Оның үстіне жаңа жұмыс, жаңа орта да қызықтырып әкетті. Бұған дейін заман жайлы, заман әкелген өзгерістер жайлы өзгелерден естіп келсем, енді аз да болса замана істерінің басы-қасына жақындау тұратын қызметке орналастым. Кеңес дәуірінің жақсылығын шындап түсініп, нақты істеріне араласуым осы кез. Менің көзімді ашқан – үш-төрт жыл оқыған арабша оқу ғана емес, ревком жұмыстарына белсене араласуым.

1924-жылы Қарабұлаққа милиция бастығы болып бардым. Онда негізінен казактар тұратын, ал олардың

Кеңес өкіметіне деген қозқарастары әржақты, араларында сенімсіз адамдар әлі көп. Хат таниды, күші бар деп милицияға қойғанмен, саяси сауат жағынан жетіліп кете қойғаным шамалы, жазып-сызуға біршама тәуірмін, беделімді қотеретін тек сол ғана. Милиция болып жүрген күндерімді еске алсам, қазір де бетім қызаратын қылықтарым көп. Жонін айтып түсіндіруден гөрі, алтыатарды жұлып алып қорқытуым көбірек еді. Қызмет бабын артық пайдаланып, содан ақырында опық жеген кездерім де болды.

Қарабұлақта негізінен казак-орыстар тұратындығына карамастан, мен ол кезде орысшаға да шорқақ едім. Қасымда үш милиционерім бар, үшеуі де азамат соғысына қатысқан, ысылған адамдар, Ткаченко дегені – көмекшім. Азамат соғысына қатысып, қан тоғуді өз көздерімен көргендікі ме, Кеңес өкіметіне жаулық істеген біреулер шықса, үшеуі де оны аяу дегенді білмейтін. Соларға сүйеніп мен де мейлінше қатал болуға тырыстым. Үлкен күресіміздің бірі самогон қайнатушылармен күрес болды, ойтпесек тәртіп орната алмайтын едік. Күнде ішіс, күнде тобелес, соларды ажыратумен-ақ күніміз өтеді, жұмысқа шықпайды, ішіп алады да айтқаныңды тыңдамайды. Сондықтан мен самогоншыларға біраз сый тартып, сыбағаларын бердім. Орысшаға шорқақтығыма қарамай, бүйтіп қырғидай тиісуім, әрине, казактарға ұнамаған болу керек. Оның үстіне ылғи жонін тауып сыпайылап сөйлесе де бермеймін, казак-орыстардың мінез-құлықтарын да дұрыстап білмеймін, бала жігіттің бет қаратпас көкірегімен қоям да кетем, соның бәрі олардың маған деген оштігін оршіте түседі екен. Шет жағасын білгеніммен, мен сияқты өкімет адамына үлкен қастандық жасай қоймайды деп ойлайтынмын.

Қыс кезі еді. Орыс мейрамы – рождество болатын. Ондай күндері біздің жұмыс көбейеді. Мен онда бір казак-орыстыкінде пәтерде тұратынмын. Кешкісін ыстық тамақ ішіп әлденіп алайын деп келсем, үй иесі арбасын жегіп, қатын-баласын мінгізіп бір жаққа кеткелі жатыр.

– Оу, екі кештің арасында қайда барасыз?

– Рождество ғой бүгін, бала-шағамызбен заимкеге барайық деп едік, – деді.

Оншама мән бәрмедім, таң қалдым да қойдым. Отбасын қақпаның сыртына шығарып жіберіп, үй иесі қайтып келді де, құлағыма сыбырлады:

— Қанабек, сақтан! Қазақтар бүгін сені өлтіріп кетпек, — деді. — Бізге кет деді, кетіп барамыз. Ар жағын өзің біл, бірақ мені сатпа!

Мәселенің ойыншық емес екендігін бірден сезе қойдым. Бүгін жұрт жаппай ішеді, жаппай ішісте ешкімді ешкім біліп болмай кетеді, қылмыс жасауға қолайлы-ақ күн. Қашып кету керек пе, не істеу керек? Енді мені осы ойландтты. Жалғыз қалған соң байыз тауып үйде отыра алмадым, үн-түн жоқ тайып тұруға намыс та жібермейді, сондықтан әуелі барып қасымдағы көмекшімнен ақыл сұрағанды дұрыс көрдім. Үй иесінен естігенімді, басқа жайды түгелдей Ткаченкоға айтып беріп ем:

— Ондай сыбысты мен де естідім, — деді. — Қорқпа, түк те істей алмайды, біз төртеуіміз.

— Төртеу болғанда не істейміз, олар көп қой.

— Көп болса бола берсін, біз ештеме істемейміз, үйдің ішінде жатып қорғанамыз.

Сонымен төртеуіміз ертерек тамақтанып алдық та, менің пәтеріме келіп бекіндік. Төрт бөлмелі үйдің екеуінде мен, екеуінде үй иесі жататын, біз әр терезені аңдып қараңғыда отырдық. Мен ең ауызғы үйдемін, қолымда алтыатар наған, кірер есікті өзім күзеттім.

Әлден уақытта, әбден қараңғы түскен кезде көшемен шулап жүз қаралы адам ән айтып өтті. Барлап та жүргендері сияқты, әншейін ішіп алған соң көшеге шыққан әдеткі істері де сияқты: үйдің тұсынан бөгелмей, бір де сөз айтпай өте шықты. Сонау көшенің басына шығып қайта бұрылды. Сырнай мен ән айтқан адамдардың даусынан олардың қайда келе жатқандары бізге белгілі болып тұрды. Үйдің тұсына таман келіп бұлар біраз бөгелді. Байқауымызша, біреулер ортаға шығып билеп, әдейі бөгеп тұрған тәрізді. Асықпай жылжып біздің қақпаға да жақындады. У-шуды үдете бастады. Былайғы жұртқа білдіргісі келмейтін сияқты соған қарағанда. Қараңғы терезеге жабысып, біз де өзімізше олардың ойын жорамалдап қоямыз.

Бір кезде бір-екеуі қақпаны сықырлатып байқады, мықтап жауып қойғанбыз, оңай ашыла қоятын ыңғай

танытпады, сонан соң дүрсiлдете кеп үрғылады. Нән қара құлпы мен жуан жалпақ темір оған да сыр бермеді. Терезенің тұсына кеп айқайлап та жатты:

– Қожайын, қақпанды аш! Жұмысымыз бар, сыртқа шық! – дейді. Мені шақырмайды, үй иесін шақырады.

– Начальник үйде ме? – деді бір кезде. – Шығып кетсінші, мұнда біреулер тобелесіп жатыр, – деп бір байқады. Біз үнсізбіз.

Әрі-беріден кейін олар әбден батылдана бастады. Терезеге қар лақтырды.

– Начальниктің осында екенін білеміз, неге шықпайды? Ал, жігіттер, қиратындар қақпаны! – деп бір тобы сүймен әкеп қақпаны құлатты да тастады. Біз бір-бір терезені бағып тып-тыныш тұрмыз. Алдымен үш-төртеуі келіп сыртқы есікті тартып корді.

– А-а, начальник қатты ұйқтап жатыр екен ғой, – деді бірі. Қасындағысы қатырып тұрып әдепсіз боқтықты бір жіберіп алды. Кім екендерін дауыстарынан танитын емеспін. Қарш еткізіп біреуі есікке балтаны ұрды да, ырғап-ырғап жіберді. Екі-үшеуі біріксе, есіктің жұлынып кететіндігі көрініп қалды. Алтатарымды оңтайлап ұстап есіктің қақ көзінде мен тұрмын. Ырғап-ырғап тартып кеп қалғандарында, есікті сарт еткізіп жұлып алды. Ә деп көргенім қолдарындағы балта болды. “Өлтіремін!” – дедім айғай ма, байбалам ба, бір түрлі дауыспен. Олар менің осында екенімді көріп, тұра кеп ұмтылды. Басып-басып жібердім. Шыңғырған дауыс шықты, артынша екеуі де есіктен кері қашты, сол кезде коздемей тағы бір-екі атып жібердім. Басқа терезедегілер де тұс-тұстан қоя берді. Сырттағылар у-шу болып тұра-тұра қашты, менің жалғыз емес екенімді білген соң, бәрінде зөре қалмады. Менде де зөре қалып жетісіп тұрғам жоқ.

Көп уақыттан кейін төртеуіміз қорқа-қорқа сыртқа шықсақ, табалдырықтың түбінде екі казак сұлап жатыр. Тындап көрсек, тіршіліктің нышаны екеуінде де жоқ. Төртеуіміз ақылдасып, топталған күйі байланыс бөліміне келдік. Болған жайды баяндап Талдықорған уездік партия комитетіне, уездік милиция бөліміне телеграмма бердік. Күтіп отырып жауабын сол арада алдық.

– Ешқайда шықпаңдар, таңертең экспертиза, милиция барады,– деді.

Таңғы жетіде арбамен жеті-сегіз адам келді. Келіп жағдайды сұрады, оліктерді қарады, содан кейін төртеуімізді де қамауға алып, сол арбамен Талдықорғанға алып жүрді. Сол барғаннан мен түрмеде жиырма сегіз күн жаттым. Қандай қателік жібердім, не істеуім керек еді, енді мені қайтер екен деген сияқты күдік ойлардан күні бойы басым қатады. Менің мұнда екенімді ең құрыса үй іші білді ме екен, өстіп белгісізден-белгісіз кете берер ме екем деп мазам кетеді. Мәселенің үлкен жаққа бет алғанын өзім де білем, кеткен қателіктің енді түзетуге келмейтінін де білем, өйткенмен өзімді өлтірмек болғандардың ең басшыларына оқ атқанымды да сезем. Мені кім жақтайды, кім жамандайды – соны ойлап та сансыраймын.

Тергеу жұмысы тым созылып кетті. Ол созылған сайын ақталып шығам ба деген сенім де азая берді. Әйтеуір, бір күндері мені милиция бастығының кабинетіне әкелді. Кірсем, сонда мен танитын, біздің үймен араласы бар, Талдықорған волкомының бастығы Кир ЦИК-тің мүшесі Байсақов Қатқылбай деген кісі отыр екен.

– Бұл баланы қандай себеппен ұстап отырсың? – деді Байсақов милиция бастығы Королевтан.

– Мына жатқандар осының материалы, мінеки көріңіз,– деді Королев.

– Көргенде не, көрмегенде не, мұның мәселесімен жақсы таныспын. Тап күресі әлі тоқтаған жоқ, өзің білесің. Кісі өлтірді дейсің. Кім кісі өлтірмепті? Мен де өлтіргем. Өзің өлтірмедің бе?

– Ол соғыста ғой.

– “Соғыста ғой”. Соғыс бітті деп пе ең? Қарабұлақтың казактарын өзің де жақсы білесің. Өлгеннің бірі ақ бандалардың отрядында болыпты, кезінде ол да біздің адамдарды атты, әрине. Ал егер олар келіп сол түнде мұны өлтіріп кетсе қайтер едік? Қасындағы милиционерлермен өзің де сөйлесіп көрген шығарсың, олар да мұның атқанын растайды. Тек мұның қателігі – ескерту оғын атпаған, балалығы деу де, басқа деу де қиын. Балтамен біреу өзіңе тұра